


**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚАУЛЫСЫ**

2015 жылғы 9 қыркүйек

Алматы қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 156

город Алматы

**«Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыру тетігін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасында:

3-тармақ:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақпен толықтырылсын:

«4-1) ПҚҚ-ға халықтың әлеуметтік әлсіз тобы санатына жататын қарыз алушылардың қарыздары бойынша, сондай-ақ проблемалық валюталық қарыздар бойынша бағамдық айырманың сомасы бойынша сотқа берілген талап арыздарынан өтініштерінен Банк төлеген мемлекеттік баждардың сомасы бойынша келтірілген шығыстар туралы ақпарат берген кезде Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі көрсетілген шығыстардың нақты мөлшеріне қатысты азаюы жағына қарай өзгереді. Егер есепті кезеңде Банкке келтірілген шығыстардың сомасы Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесіне сәйкес төленетін сыйақының сомасынан асатын болса, Банктің шығыстарын өтеу келесі есепті кезеңде жүзеге асырылады;»;

16) тармақша мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«халықтың әлеуметтік әлсіз тобы санатына жататын қарыз алушылардың қарыздары бойынша, сондай-ақ проблемалық валюталық қарыздар бойынша бағамдық айырманың сомасы бойынша сотқа берілген талап арыздарынан Банк төлеген мемлекеттік баждардың сомасы бойынша келтірілген шығыстар туралы есеп (жыл сайын, Салымды пайдаланған жыл аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей);»;

4-тармақта:

5) тармақшаның оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шетел валютасымен берілген қарыз бойынша қайта қаржыландырылатын соманы айқындауды Банк төмендегідей жүзеге асырады:

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру күнгі ресми бағамы бойынша – 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мерзімі өткен (90 (тоқсан) күннен асатын) берешек болмаған кезде;

Ұлттық Банктің 2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша ресми бағамы бойынша – 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мерзімі өткен (90 (тоқсан) күннен асатын) берешек болмаған кезде.»;

5) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Халықтың әлеуметтік әлсіз тобы санатына жататын қарыз алушылардың қарыздары бойынша сотқа берілген талап арыздарынан Банк төлеген мемлекеттік баждардың сомасы бойынша шығыстар қарыз алушылардың есебінен өтеуге жатпайды.»;

б) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қарыз алушының тұрғын үй немесе жер учаскесі, оның ішінде қарыз алушы болып табылмайтын үшінші тұлғаға (кепіл берушіге), оның жұбайына (зайыбына) тиесілі, түрінде кепілмен қамтамасыз етілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары/ипотекалық қарыздар қайта қаржыландыруға жатады.»;

б) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«тұрғын үй 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында қарыз алушы және оның жұбайы (зайыбы), және/немесе кепіл беруші мен оның жұбайы (зайыбы) үшін жалғыз болып табылған»;»;

б) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«тұрғын үй алаңы жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортына сәйкес 120 (бір жүз жиырма) шаршы метрден немесе құрылысқа үлестік қатысу туралы шарт бойынша жалпы ауданы 120 (бір жүз жиырма) шаршы метрден аспауға тиіс. 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін ресімделген, құрылысқа үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын үйге техникалық паспортты берген жағдайда, тұрғын үй алаңы техникалық паспорт негізінде белгіленеді. Мұндай талаптар халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын көп балалы қарыз алушылардың тұрғын үйіне қолданылмайды.»;

б) тармақшаның сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақшаның талабы сыйға тарту шарттары бойынша немесе мұрагерлік тәртіппен жекешелендірілген тұрғын үйге жалпы меншік құқығында қарыз алушыға, оның жұбайына (зайыбына) тиесілі мұндай бір тұрғын үй

бірлігінде тұрғын үй көлемінің 16 (он алты) шаршы метрінен аспайтын жеке бір тұрғын үй бірлігінде үлесі болған жағдайда қолданылмайды.»;

6) тармақшаның он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жер учаскесі 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында қарыз алушы және оның жұбайы (зайыбы), және/немесе кепіл беруші және оның жұбайы (зайыбы) үшін жалғыз болып табылады;»;

15) тармақшаның бірінші абзацында «он бес» деген сөздер «отыз» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Осы Бағдарламаның 4-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген тұрғын үйді немесе жер учаскесін банктің, ипотекалық ұйымның, оның ішінде уәкілетті органның лицензиясын ерікті түрде қайтарған ипотекалық ұйымның балансына қабылдауға негіз болған қолданыстағы ипотекалық тұрғын үй қарызын/ипотекалық қарызды қайта қаржыландыру мақсатында Салымды игеру тараптардың келісімі бойынша және осы Бағдарламаның 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14) және 15) тармақшаларында көзделген талаптар бойынша жүзеге асырылады.

4-2. Осы Бағдарламаның 4-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген және банктің, ипотекалық ұйымның, оның ішінде уәкілетті органның лицензиясын ерікті түрде қайтарған ипотекалық ұйымның балансына қабылданған тұрғын үйді немесе жер учаскесін сатып алу талабымен қарыз алушының ипотекалық тұрғын үй қарызын қаржыландыру, сол қарыз алушының алдыңғы ипотекалық тұрғын үй қарызы/ипотекалық қарызы бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Салымды игеру тараптардың келісімі бойынша және осы Бағдарламаның 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14) және 15) тармақшаларында көзделген талаптар бойынша жүзеге асырылады.».

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (Терентьев А.Л.) осы қаулы қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының<sup>1</sup> орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

**Ұлттық Банк  
Төрағасы**

**Қ. Келімбетов**

Дұрыс:

Бас маман-ҚРҰБ Директорлар кеңесінің хатшысы

М. Сaitова

<sup>1</sup> «Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы